

Ахметова З.Б., Аликбаева А.Б.,
Шуренов Н.Б.

**Банктік логистиканы
қолданудың теориялық түсінігі
мен артықшылықтары**

Нарықтық экономика қазіргі даму сатысында банк жүйесінің тұрақты қалыптасқан және дамуынсыз жүзеге асырыла алмайды. Қаржы құралдарының қозғалысын өндіретін банк тұтынушының өмір сүруі мен бизнестің барлық сферасында үлкен макроэкономикалық әсерге ие. Бұл жағдайда жалпы банк әрекеті мен қаржы ағымдарын басқарудың жаңа әдістерін енгізу қажеттігі, ең бастысы реттеуді жүргізу кезіндегі логистика қағидаларын қолдану керектігі айдан анық. Банк қызметінің объектісі бір қалыпты стандартталған тауар-ақша болып табылады. Осыған орай қаржы ағымдарын жүргізу сапасын бағалау бойынша негізгі көрсеткіш – «ритмділік», яғни ақша капиталын алмастырудың келісімде көрсетілген нақты мерзімімен сәйкес келуі. Қаржы ағымдарының тиімділігі маркетингтік категория тәрізді банктік логистика тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштермен сипатталады. Сондықтан да шетелдік тәжірибелерді қарастыра отырып ел экономикасында беделді орынға ие банк әрекеттерінде логистиканы қолдану, оны қалыптастыру мен зерттеу өзекті болып отыр. Мақалада банк әрекетін, оның дамуы мен мәселелерін кәсіпорындардың өте күрделі түрі ретінде қарастырады. Банк құрылымдарының әрекетін тиімді етудің шешуші құралы ретінде, авторлардың ойы бойынша, банк жүйесіндегі ағым үрдістерін логистизациялау болып табылады.

Түйін сөздер: банктік логистика, банк өнімі (қызмет), ағымдағы үрдістер.

Ahmetova Z.B., Alikbayeva A.B.,
Shurenov N.B.

**The theoretical concept of the
use of the banking logistics and its
features**

At this stage of development of the market economy can't exist without a developed and stable functioning of the banking system. Banks, producing movement of funds, do a macroeconomic effect major on all areas of the business and the livelihoods of consumers. Under these conditions it is clear that the need is the introduction of new management techniques and financial flows of banking activity in general, and especially the use of logistics during control interventions. Money the object of banking services is a homogeneous standardized commodity. Thus, the main indicator used to assess the quality of the passage financial flows is the rhythm, that is, compliance with the time limits which are prescribed in the contract. The article examines banking as the most complex form of business with its problems and prospects of development. One of the key tools for increasing the efficiency of the banking institutions, according to the author, is to increase logistics stream processes in the bank – a bank product (service) – the parties of interaction.

Key words: banking logistics, banking product (service), stream processes.

Ахметова З.Б., Аликбаева А.Б.,
Шуренов Н.Б.

**Теоретическое понятие
использования банковской
логистики и ее особенности**

На данном этапе развития рыночная экономика не может существовать без развитой и стабильно функционирующей банковской системы. Банки, производя движение финансовых средств, оказывают большое макроэкономическое воздействие на все сферы бизнеса и жизнедеятельность потребителей. В данных условиях совершенно очевидно, что необходимость внедрения новейших методов управления финансовыми потоками и банковской деятельностью в целом, и прежде всего использование принципов логистики при проведении регулирующих воздействий. Объектом банковских услуг является однородный стандартизированный товар – деньги. Таким образом основной показатель, по которому оценивают качество прохождения финансовых потоков – «ритмичность», то есть соответствие сроков, прописанных в договоре фактическим сроком трансформации денежного капитала. Следовательно, эффективность финансовых потоков, как маркетинговая категория, описывается показателями, которые характеризуют эффективность банковской логистики. В статье рассматривается банковская деятельность как наиболее сложный вид предпринимательства с ее проблемами и перспективами развития. Одним из ключевых инструментов повышения эффективности деятельности банковских структур, по мнению автора, призвана стать логистизация потоковых процессов в системе банк – банковский продукт (услуга) – субъекты взаимодействия.

Ключевые слова: банковская логистика, банковский продукт (услуга), потоковые процессы.

**БАНКТІК
ЛОГИСТИКАНЫ
ҚОЛДАНУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ
ТҮСІНІГІ МЕН
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**

Банктік логистика – логистика ғылымына қатысты әдістер мен тәсілдерді қолдану жолдарының бір реттілік үрдісін көрсетеді. Осыған орай банктегі логистика банк тәжірибесінде енгізілген маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл коммерциялық банктерде клиенттердің санын арттырып қана қоймай, операциялық пайданы төмендетпестен көрсетілетін қызметтердің ассортименттерін кеңейтуге септігін тигізеді. Қаржы логистикасында қолданылатын кешенді тәсіл қаржы ағымдарын қарастыру қажеттігіне себепші, мұндай міндеттерді шешу қазіргі және парапар әдістерді реттеуді талап ететін қозғалыс. Осыған орай тауар, қызмет немесе жұмыс, материалды мүліктердің әр түрлері тәрізді ақша құралдарының арнайы алмасуы тәрізді ақша ағымдарының айналысын ескерген жөн.

Өзге шаруашылық субъектілері сияқты, коммерциялық банктердің де басқару объектісі қаржылық, тауарлық, қызмет және ақпарат ағымдарының қозғалысы болып табылады. Банктік қызметтің мұндай ағымдық-үрдістік сипаты коммерциялық банктердің нарықтық трансакцияларының тиімділігін арттыру үшін логистиканы қолдануға мүмкіндік береді. Банктік логистика негіздері банктегі қаржылық ағымдарды басқарудың теориялық аспектілерімен айналысатын батыс ғалымдарымен қаланған (Джозеф Ф. Синки-мл., Р. Боейли, С. Майерс және т.б.), сонымен қатар сәйкес қаржылық институттарда тәжірибелік негізде жүзеге асқан. Кейіннен «банктік логистика» терминін 1999 жылы ресейлік профессор О.А. Кроли өзінің «Логистика-транспорт-интеграция-стратегия и планирование» атты еңбегінде қолданылған. Банктік логистика мәселелері 2001 жылы Н.А. Савинаның докторлық диссертациясынан кейін кеңінен талқылана бастап, онда банктік логистикаға келесідей анықтама берілген: «Банктік логистика – банктік қызметті оңтайландыру мақсатында жүргізілетін логистикалық іс-шаралардың жиынтығы» [1].

Бұдан бөлек банктік логистика түсінігіне әртүрлі ғалымдар сан-қырлы анықтамалар берген. Солардың бірі э.ғ.д., профессор А.И. Семенко банктік логистикаға келесідей анықтама берген: «Банктік логистика – негізгі қызметі банктегі материалдық, қаржылық және ақпараттық ағымдарды ұйымдастырушы-

лық-талдау тұрғысынан оңтайландыру болып табылатын жаңа ғылыми бағыт».

Ал орыс профессоры Н.Ф. Афанасьеваның пайымдауы бойынша, банктік логистика дегеніміз басқару объектісі банктегі материалдық ағымдар болып табылатын логистикалық операциялардың жиынтығынан тұратын ғылым.

В.А. Смольникова бойынша банктік логистика – бұл шаралардың жиынтығы: банктің қор қызметтері мен несие және инвестицияның банктік жүйесін жабдықтау деп көреткен [2].

А.Н. Малышев банктік логистиканы банк ішіндегі ұйымдастырылған-құрылымдық инфрақұрылымын құру жолдарымен клиенттің қажеттілігін ескере отырып, ақша ағымдарының қозғалысын тиімді қолдану мақсатында оптималдау үрдісі ретінде қарастырады [3].

Осы жоғарыда аталған анықтамаларға сүйене отырып, банктік логистикаға келесідей түсініктеме беруге болады: «Банктік логистика – коммерциялық банктердің экономикалық жағдайдағы ағымдарын логистика принциптерін қолдану арқылы тиімді басқарып, оңтайландыру ілімі.

Банктік логистика – жалпы банктік жүйе мен жеке банктің тактикалық, стратегиялық мақсаттарымен сәйкес келетін тауар, қаржы және ақпараттық ағымдарды басқарудың тиімділігін арттыруда қолданылатын ережелер мен тәсілдер, әдістер мен ғылыми білімнің жиынтығы болып табылады.

Банктік логистика – логистикадағы қажетті жаңа бағытты анықтауға себепкер және банктік жүйенің тиімділігін арттырудың міндетті жағдайлары болып табылатын логистикалық құралдарды қолданатын аумақтағы әрекеттерге жататын әртүрлі банктік операциялар болып табылады.

Егер банк жүйесінің сипатын логистикалық ұстаным негізінде қарастыратын болсақ, онда ақша ағымдары мен ақпараттық қозғалысы ауқымында жүргізілетін негізгі екі жүйені бөліп көрсетуге болады:

– сыртқы, тауар және қор, валюта нарығына қатысушы клиенттер, серіктестер жатады;

– ішкі, коммерциялық банктерге тікелей әсер етеді, оған банк бөлімшелері, филиалдар желісі мен бөлімдері жатады.

Егер банкте логистикациялау жүргізілсе, осы екі орта (микроорта және макроорта) дұрыс анықталып, бір-бірімен тығыз байланыстырылған жүйе ретінде қарастырылып, логистикалық әдіс-тәсілдер элементтерін кешенді түрде қолданысқа енгізсе, банкті логистикациялау үрдісі сәтті болып, бұл банктің қыз-

меттің тиімділігін, әрі түсетін табысын едәуір арттыратыны сөзсіз.

Тәжірибе көрсеткендей, банктік тәжірибеге логистика әдістерін енгізу жоспарлы, әрі сәйкестендірілген экономикалық, техникалық және құқықтық-ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін талап етеді. Осыдан банктің логистикалық жүйесі құрылады.

Банктік логистикалық жүйе – логистика амал-тәсілдерін қолдану арқылы банк қызметтері мен мақсаттарының одан әрі тиімділігін қамтамасыз ететін, басқару иерархиясы тұрғысынан тігінен және көлденең орналасқан өзара реттелген элементтерден тұратын жүйе. Логистикалық жүйені дамыту арқылы несие институты жоғары басқару деңгейіндегі мекемеге айнала алады. Мұндай жүйеге материалдық экономика логистикалық жүйесінің барлық қасиеттері, яғни өзгергіштік, күрделілік, оңай бейімделгіштік, тұрақтылық, құрылымдылық және бағытталғандық тән.

Логистикалық жүйе ретінде өндірістік кәсіпорын, өндірістік-аймақтық кешен, сауда мекемесі, банктік орган, шаруашылық субъектілерінің аймақ бойынша бірлестіктері, холдингтер және қаржы-өндірістік топтарды алуға болады. Соңғысын макрологистикалық жүйе, ал қалған ұйымдарды микрологистикалық деп атасақ болады. Логистикалық жүйенің мақсаты – тауар мен қызметтерді қажетті орынға қажетті ассортиментте және көлемде минималды шығынмен жеткізу. Осылайша, қаржылық, материалдық және ақпараттық ағымдардың қозғалысын басқаруды үнемі оңтайландырып отыратын банкті логистикалық жүйе ретінде атауға болады.

Жалпы банктік логистика банк әрекеттерінің ағымдық үрдістерін есептеу және бақылау, жоспарлау мен талдау жүйесін көрсетеді [4].

Қазіргі банк жүйесін талдауда соңғы уақыттары ғана Қазақстан банктері өздерінің ағым үрдістерін реттеу және болжамдау үшін логистика құралдарын қолдануды көздеп отыр. Егер банктегі ағымдар (ағымдар болған) үрдісін қарастырсақ, онда ақша ағымдарының қозғалысын негізгі контур ретінде бөліп қарастыруға болады, яғни коммерциялық банктер, олардың бөлімшелері мен филиалдары, бөлімдері, сыртқы серіктестіктері, клиенттері, қаржы нарығының қатысушылары, басқарушы және бақылаушы органдар.

Банктік логистикалық жүйе макро және микро жүйелерден тұрады. Микро жүйеде орталық банк және оның құрылымдық бөлімшелері, яғни банк бөлімдері мен онда ұсынылатын қызметтер, сонымен қатар банктің филиалды желісі,

яғни банктің өзге филиалдары мен бөлімшелері байланыса қызмет атқарады. Ал макро жүйеде банктің серіктестері, клиенттері (жеке және заңды тұлғалар), қаржы нарығының өзге де қатысушылары, яғни қор биржасы мен валюта нарығының қатысушылары жұмысын атқарады. Бұл жүйе арасындағы байланыс пен қарым-қатынас басқару органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және өзге департаменттер мен министрліктер арқылы қадағаланып, реттеліп отырады.

Банктің логистикалық жүйесінің құрылымы мен ерекшеліктерін осы екі ортаны жан-жақты қарастыра отырып анықтауға болады. Ішкі логистикалық орта мен сыртқы ортаның арасындағы байланыс осы екі орта қатысушылары арқылы орнатылып, тиімділігі де логистикалық жүйе қатысушыларының қызметтері мен әрқайсысына жүктелген міндеттерін дұрыс орындауына байланысты болады.

Тәжірибе жүзінде логистика әдістерін енгізу ұсынылған қызметтердің сапасын арттыруға және банк жүйесін дамытуды жылдамдатуға мүмкіндік береді. Ол үшін жалпы банк жүйесі тәрізді жеке банктің ішіндегі ағым процестерін реттеу мен банк жүйесін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ету мен жобалау, ағымдық және ұзақ мерзімді сипаттағы шараларды ұйымдастыру мен құқықтық, экономикалық, техникалық ке-

шенін жүзеге асыруды бір ретті және жоспарлы түрде құру қажет [5].


Банктің логистикалық үрдісін екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- негізгі логистикалық үрдістер;
- қамтамасыз етуші логистикалық үрдістер (1-сурет).

Банктің негізгі логистикалық үрдісі – бұл банктің инвестициялық және коммерциялық әрекеттері үшін қажетті үрдістер және ағымдағы жұмыстардың орындалуына қатысты (несие, депозиттік, салым операциялары, корпоративті қаржы, счеттарды басқару және т.б.). Бұл үрдіске талдау және бақылау үрдістері жатады.

Банктің қамтамасыз етуші логистикалық үрдісі банктің ресурстарымен қамтамасыз ететін үрдістері болып табылады және банк қызметін көрсету үшін қажетті қаржылық, материалды, кадрлық және ақпараттық ресурстарды таратуды қамтиды. Бұл үрдіске есептеу мен стратегиялық жоспарлау жатады.

Банкте материалды экономикадағы логистикалық жүйеге сай барлық құндылықтары тән, олар: күрделілік, өзгермелілік, иерархиялық, мақсаттылық, құрылымдылық, бейімділік, жалпылық. Осыған орай әр түрлі банк әрекеттеріндегі интеграциялық логистика банктің ақпараттық, қаржылық, тауарлы ағымдарын реттеу бойынша тәжірибелік шараларды енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



1-сурет. Банктің логистикалық үрдісі

Логистикада ақша құралдары банктік мекемелердің ұсынған өнімі мен көрсететін қызметтерінің спецификациясын есепке алғандағы материалды белгілердің қатарларына қосылатын мүлік ағымы ретінде қарастырылады. Мысалы, есептік-кассалық қызмет көрсе-

ту, инкассация қызметі, логистика және көлік түсініктерімен байланысты сейфинг. Осы операциялардың көп бөлігі ақша массасын және де басқа да физикалық формаға тән банк өнімдерін физикалық жеткізуге жатады (бағалы металдарды сату, инвестициялық мо-

нета, қолма-қол валюта, құжат түріндегі бағалы қағаздар және т.б.).

Банктің тасымалдау логистикасы өнімді жеткізу кезінде интенсивтілікке ие болмайды, бірақ мұндай шығындар материалды түрде өнімді жеткізу кезінде шешім қабылдауда шешуші болып табылады.

Банктегі логистика міндеттері банктік операциялардың әртүрлілігі мен саны қарастырылған ереженің нақты орындалатындығын көрсетеді.

Әр жоба үшін логистика ақпараттық ағымдарды потенциалды талдауды жоспарлау және банктік стратегиядағы бюджет мүмкіндігіне сәйкес ұйымдастырылуы керек. Банктік логистикалық жүйенің ұйымдастырылған функциясы минималды шығындармен банк клиенттері мен серіктестерінің талаптарын максималды қанағаттандыру мақсатында барлық жобаларға сай әрекеттерді топтастыруы (біріктіруі) керек.

Қолданылатын логистикалық жүйенің келтірілген шаралар кешені қаржы нәтижесін және функция ретінде де айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, банк сферасында логистикалық әдістердің жаңасын кең қолдану банктің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мысалы, факторинг тәрізді өнімді енгізу банктік логистикалық жүйенің негізгі мақсатына жетуге себепші болады, яғни сыртқы сауда ағымының уақыт циклін қысқарту, клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, соған орай банк мекемелерінің табыстылығын арттырады [6].

Кез келген банктің басқару объектісі жоғарыда атап өткеніміздей, ақша ағымы, қызмет, ақпараттар мен қаржы өнімі. Осыған орай банк сферасындағы ағымдар мен процестердің барлығы коммерциялық банктердің нарықтық транзакциясының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін логистика заңдылықтарының негізіне сай келеді.

Логистика бойынша көптеген мамандар қаржы ағымдарының қозғалысын тек материалды құралдарды алмастыруды қамтамасыз етудің бөлігі ретінде қарастырады. Бірақ та тәжірибеде банк саласындағы логистика қаржы мекемелерінің операцияларының үлкен спектрлерін қамтамасыз етеді. Көп жағдайда бұл логистика тасымалдарын кең қолданатын инкассация қызметі мен кассалық қызмет көрсету болып табылады. Сонымен қатар ақша құралдары жұмысында нақты бір орынға физикалық жеткізулерді талап ететін материалды активтер түрінде қолданылады (банкомат, банк-

тің басқа бөлімдері т.б.). Бұл жағдайда банктегі логистика бизнесі материалды активтермен жұмыс жасайтын кәсіпорын логистикасымен ортақ мәнге ие.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты банк әрекетінің бағыттарын екі негізгі топқа жіктеуге болады:

Нақты ағымдар жанама қызмет көрсететін ақша ағымдарын қамтамасыз етумен байланысты әрекет түрлері.

Тауар, қызмет және жұмыс қозғалысына тікелей байланысты ақша ағымдарын өзіндік қамтамасыз ету негізіндегі барлық әрекеттер.

Бұл жіктеулерді қолдану бірінші топтағы ағымдар логистика құралдарын қолданумен реттеледі. Басты кезекте бұл физикалық жеткізуді талап ететін тауар ағымдарының мазмұны мен сипаты бойынша мамандандырылған қызмет көрсетуге байланысты банктік операциялар (бағалы металдарды сату, қолма-қол валюта, инкассация, сейфинг), бұл жағдайда банктік логистика транспорттық, қоймалау, тарату логистикасының заңдылықтарымен әрекет етеді. Осыған қоса материалды ағымдарды қамтамасыз ету сипатына ие банктік операциялар қатарына кейбір классикалық банк операцияларын да жатқызуға болады. Олар, есептік-кассалық қызмет көрсетудегі тауарлар мен қызметтер, жұмыс қозғалысымен байланысты несиелеу.

Банктегі тартылған салымдар кәсіпорындар үшін материалды ресурстар рөлін атқарады. Сондықтан да бұл процесті басқару мен болжамдау банк мекемелеріндегі негізгі қызметтерді орындау мүмкіндіктерінде айтарлықтай рөлге ие (қаржы құралдарын ары қарай тарату).

Екінші кезекте қаржы ағымдарының сенімділігін арттыру мен қозғалысын жылдамдату үшін құралатын және тауар, қызмет ағымдарын қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жатқызуға болады (лизинг, факторинг, форфейтинг).

Қорытындылай келе коммерциялық банктердің активті және пассивті операцияларын жүргізетін барлық операциялары мен әрекеттерінің жиынтығы ақша ағымдарын реттеу және бақылау бойынша логистикалық шаралар жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Логистикалық үрдістердің негізгі мақсаты – тасымалдауға және қызмет көрсетуге кететін шығындарды қысқарту, капиталды тиімді түрде пайдалануға жеткізу. Банк саласындағы логистика банк пен оның тұтынушыларының коммерциялық қызығушылығын жүзеге асыруда ұтымды шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Кизим А.А. Основы предпринимательской логистики: учебное пособие. – 2-е изд. – Краснодар, 2007. – С. 218-221.
- 2 Кизим А.А. Банковская логистика: проблемы и перспективы развития. – Краснодар, 2014.
- 3 Малышев А.Н. Банковская логистика финансового менеджмента клиента // URL: www.finmanages.ru
- 4 Тулембаева А.Н. Банковский маркетинг. Завоевание рынка: учебное пособие. – 2-е изд. – Алматы: Триумф «Т», 2009. – С. 403-415.
- 5 Захарова Н.А. Логистика в банковском предпринимательстве. – СПб, 2002.
- 6 Бархатов А.В. Банковская логистика. – М., 2006. URL: www.finmanages.ru

References

- 1 Kizim A.A. Osnovy predprinimatel'skoj logistiki: uchebnoe posobie. – 2-e izd. – Krasnodar, 2007. – S. 218-221.
- 2 Kizim A.A. Bankovskaja logistika: problemy i perspektivy razvitija. – Krasnodar, 2014.
- 3 Malyshev A.N. Bankovskaja logistika finansovogo menedzhmenta klienta // URL: www.finmanages.ru
- 4 Tulembaeva A.N. Bankovskij marketing. Zavoevanie rynka: uchebnoe posobie. – 2-e izd. – Almaty: Triumf «T», 2009. – S. 403-415.
- 5 Zaharova N.A. Logistika v bankovskom predprinimatel'stve. – SPb, 2002.
- 6 Barhatov A.V. Bankovskaja logistika. – M., 2006. URL: www.finmanages.ru